# Жаңаөзен-білім ордасы.



# *Қала жайлы.*

- Жаңаөзен қаласы — Маңғыстау облысындағы жаңа дамып келе жатқан жас қала. Қаламызда 22 мектеп, 20 — дан астам балабақша, медициналық колледж, 4кәсіптік оқу орны бар.



# *Қаланың кәсіби оқу орындары*

- *"Каспий" педагогика мен өнеркәсіптік технологиялар колледжі*
- *Жаңаөзен политехникалық колледжі*
- *Жаңаөзен мұнай мен газ колледжі.*
- *Маңғыстау облыстық медицина колледжі*
- *Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжі*



# *"Каспий" педагогика және технологиялар колледжі.*




- *Маңғыстау облысы **«Каспий»** педагогика және салалық технологиялар колледжі – студенттер, оқытушылар, жұмыс берушілер және тағы басқа қызығушылық білдіргендер үшін актуалді білім беру жүйесі қалыптасқан, ақпараттық ортасы ашық және заманауи инфра құрылымды білім беретін оқу орны.*

**«Каспий»** педагогика және салалық технологиялар колледжі өз қызметін **2008 жылдың 22 мамыр** айынан бастады.




- **9 жылда** колледждегі студенттер контингенті **81 адамнан 911-ге дейін артты.**
- Колледжді осы жылдар ішінде **933** орта буын маманы бітіріп шықты. Колледж **9 мамандық** бойынша лицензияға және **15 біліктілік** бойынша лицензияның қосымшасына ие.

# *Жаңаөзен политехникалық колледжі.*




*Жаңаөзен политехникалық колледжі **2005** жылы қыркүйекте 207 студентпен бастап ашылған. Қазіргі таңда 1251 студент білім алады. Осы колледжді өзінің еңбегімен ашқан **Болатбаева Тілектес Аманқосқызы**. Бұл кісі қазіргі таңда депутат, үлкен еңбек сіңіріп қаламызға үлкен үлес қосып отыр.Колледжде бюджет бөлімінде 10 топ бар. Колледждің ішінде Маңғыстау облысының оқушылары,яғни Бейнеу, Шетпе қаласынан және Жетібай посёлкесінен келіп оқиды. Колледжде барлығы стандарт формасын сақтайды. Заман талабына сай мамандықтар бар.Биыл колледждің құрылғанына 9жыл толды.*

# Жаңаөзен мұнай мен газ колледжі.




- *Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы атындағы Жаңаөзен мұнай және газ колледжі 1985 жылы 16 наурызда Гурьев қазіргі Атырау облысы деп аталатын политехникалық техникумының филиалы негізінде құрылған.*



# *Қысқаша тарихы*

- *О.Тұрмағамбетұлы атындағы Жаңаөзен мұнай және газ колледжінің 25 жылдық тарихы бар.*

- *1991 жылғы тамыздың 31-індегі Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысы негізінде колледжге «Жаңаөзен мұнай техникумы» деген ат берілді.*
- *1995 жылы 11 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің № 132 бұйрығы бойынша «Жаңаөзен мұнай және газ колледжі» деп өзгертілді.*
- *1999 жылы 21 ақпанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 441 қаулысы негізінде Жаңаөзен мұнай және газ колледжіне Оразмағамбет Тұрмағамбетұлының есімі берілген.*



- *Бүгінде облысымыздағы орта буын мұнайшыларын дайындайтын , материалдық техникалық базасы қамтылған, қазіргі заманға лайық оқу орны.*

- *Колледжде Қазақстан Республикасының Ы. Алтынсарин атындағы «Білім беру ісінің үздігі» медалінің иегері аға әдіскер <u>Алипбаева Бибінұр Саттарқызы</u> басшылық етеді.*

# Маңғыстау облыстық медицина колледжі.



- «Маңғыстау облыстық медицина колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 1985ж. наурыз айының 11 жұлдызында ҚССР Денсаулық сақтау министрлігінің № 149 бұйрығымен ҚССР жоғары және орта арнаулы білім беру министрлігі коллегиясының қаулысымен ұйымдастырылып, «Новый Узень қаласының медициналық училищесі» болып аталды.

# Қысқаша тарихы

- *30 жыл бойы колледж атауын бірнеше рет өзгертті:*
- *03.10.1990ж. облыстың атауы өзгеруіне байланысты Маңғыстау облыстық Денсаулық сақтау бөлімінің №05 бұйрығының негізінде оқу орны «Маңғыстау облыстық медициналық училище» деп өзгертілді;*
- *1996ж. маусым айының 14 жұлдызында ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің №282 бұрығының негізінде оқу орны «Маңғыстау облыстық медицина колледжі» деп өзгертілді.*
- *Кәсіпорын Маңғыстау облысы әкімінің 24.02.1999ж. №4 шешімінің негізінде құрылған;*
- *2002ж. қаңтар айының 18 жұлдызында «Маңғыстау облыстық медицина колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны деп өзгертілді.*
- *Алғашқы директоры Қайсағалиев Ғарифолла.*
- *Қазіргі күні медицина колледжін директоры:*
- *Тұрарбекұлы Төлебек басқаруда.*

# *Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжі*




- *Елімізде кәсіптік- техникалық білім беру саласындағы байырғы белді оқу орындарының бірі, Жаңаөзен қаласының алғашқы  кәсіптік оқу орындарының қара шаңырағы іспеттес  – Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжінің құрылғанына 2017 жылы 50 жыл толғалы отыр.*

# Колледждің даму тарихы

- **1967** *жылы Ералиев Кентінде №162 Қалалық кәсіптік техникалық училище болып ашылды.*
- **1968** *жылы Жаңаөзен қаласына ауыстырылды.*
- **1984** *жылы аты өзгеріп Орта кәсіптік техникалық училищесі болып өзгертілді.*
- **1996** *жылы №3 Кәсіптік техникалық мектеп деп аты ауыстырылды.*
- **2005** *жылы №3 Кәсіптік мектеп болып аталды*
- **2008** *жылы Жаңаөзен кәсіптік лицейі болып өзгертілді.* **2012***жылдан бастап Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжі болып өзгертілді.*
- *Бүгінгі күні* **720** *студент оқып білім алуда.*

# *Директорлардың тізімі:*




- 1-директоры **1979-1981** жылы <u>Губашев Бердіғали Губашевич</u> басқарды.
- 2-директоры **1981-1989** жылдары <u>Әділханов Қуан Әділханұлы</u> .
- 3-директоры **1989-2000** жылға дейін <u>Аманниязов Нұрлыбай Қадырбаевич</u>.
- 4-директоры **2000-2005** жылға дейін <u>Қалдаманов Сенбай Әбиевич</u>.
- **2005** жылдан бастап <u>Нұғыманов Тұрсынбек Абатович</u> басшылық етуде.


Жаңаөзен Білім Ордасы
Көңіл бөлгеніңіз үшін рахмет!